ҒТАМР 14.25.05 https://doi.org/10.63597/UTO3105-4161.2025.1.1.003

И.У. Сагиндиков[1*], А.Ш. Танирбергенова[2], А. Мағауия[3]
[1] ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК, Астана қ, Қазақстан Республикасы
[2,3]Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ, Қазақстан Республикасы
*e-mail: Isatay60@mail.ru

[1]ORCID 0009-0004-5522-0649, [2]ORCID 0000-0002-8002-7910,
[3]ORCID 0009-0008-5462-6734

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ БІЛІМ САПАСЫН БАСҚАРУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Мақалада «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде қарастырылады. Бағдарламаның мақсаты – білім алушылардың жан-жақты дамуы мен тәрбие процесінің барлық аспектілерін қамту арқылы білім сапасын арттыру. «Біртұтас тәрбие» білім беру ұйымдарында тәрбие мен оқыту арасындағы бірлікті қамтамасыз етуге, тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған. Мақалада бағдарламаның мазмұны, оның білім беру жүйесінде қолданыс табуы және оқу-тәрбие процесін ілгерілетудегі рөлі талданады. Сонымен қатар, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының білім сапасын басқарудағы тиімділігін арттыруға ықпал ететін әдістемелік және ұйымдастырушылық шаралар сипатталады. Бағдарлама мектеп пен отбасы, қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту арқылы, білім алушылардың оқу үлгеріміне және әлеуметтік жауапкершілікті сезінуіне жағымды ықпал етеді. Мақала білім беру жүйесіндегі стратегиялық басқару құралдарына қызығушылық танытқан педагогтерге арналған және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының білім сапасын басқару жүйесіндегі маңыздылығын ашады. Білім мазмұнына құндылықтарды интеграциялау маңызды. Мақала мазмұнындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы оқу-тәрбие процесін интеграциялап, ұлттық құндылықтарды, азаматтық сана мен патриоттық тәрбиені үйлестіре отырып, білім беру ұйымдарында сапалы білім беруді қамтамасыз етудің кешенді әдісін ұсынады.

Түйін сөздер: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, құндылықтар, құзыреттілік, жоба, рухани-адамгершілік қасиет, патриотизм.

Кіріспе

Тәрбие білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде ұрпақтың дамуына, тұлғаның адамгершілік және интеллектуалдық қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Қазіргі жаһандық әлемде білім беру тек қана академиялық білім беруге ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың әлеуметтік, эмоционалдық және рухани-моральдық дамуына да бағытталуы тиіс. Отандық және халықаралық тәжірибелерді талдау негізінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының әдіснамалық аспектілері қарастырылды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын кешенді тәсілдер арқылы тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеалы болып табылады. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Демек, тәрбиенің мәні – құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде тек академиялық жетістіктерге емес, білім алушылардың жан-жақты дамуына, адамгершілік және рухани құндылықтарын қалыптастыруға да ерекше назар аудару қажет. Жаһандық өзгерістер мен технологиялық прогрестің қарқынды дамуы білім сапасын басқару мәселелерін өзекті етеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде ерекше маңызға ие. Бағдарлама оқу-тәрбие процесін интеграциялап, ұлттық құндылықтарды, азаматтық сана мен патриоттық тәрбиені үйлестіре отырып, білім беру ұйымдарында сапалы білім беруді қамтамасыз етудің кешенді әдісін ұсынады. Сонымен қатар, оның тиімділігі педагогикалық процесті инновациялық әдістермен жетілдіруге, білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға және білім сапасын арттыруға септігін тигізеді. Сондықтан да «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын стратегиялық құрал ретінде енгізу қазіргі білім беру жүйесінің жаңашыл бағыттары мен талаптарына толық сәйкес келеді.

Зерттеу барысында өскелең ұрпақтың бойына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуға қатысты дереккөздерге теориялық талдау жүргізілді. Зерттеу барысында жинақталған деректер өскелең ұрпаққа қажетті құндылықтарды талдауға, заманауи талаптарға сәйкес жүйелеуге мүмкіндік берді. Алынған деректерді зерделей келе, қазіргі қоғамда балалардың бойында ұлттық қасиеттердің көрініс таппауы, ұрпақ бойында ұлттық тәрбиенің ақсап бара жатқаны қоғамға біртұтас тәрбие бағытының қажеттілігін тудырды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде ерекше маңызға ие екендігі анықталды. Зерттеу барысында жинақталған деректер құндылықтардың өскелең ұрпақ бойында қалыптасуының өзектілігін дәлелдеді. Бұл бағдарлама оқу-тәрбие процесін кешенді тәсілдер арқылы үйлестіруді қамтамасыз етіп, ұлттық құндылықтарды, азаматтық сананы және патриоттық тәрбиені интеграциялайды. Нәтижесінде, білім беру ұйымдарында сапалы білім берудің негізі ретінде білім алушылардың жан-жақты дамуы, тәрбиелік әлеуеттің жоғары деңгейде қалыптасуы және ұлттық мұраны дәріптеу мүмкіндігі артады.

Сонымен қатар, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын тиімді жүзеге асыру үшін қосымша әдістемелік және ұйымдастырушылық шараларды енгізу қажеттілігі туындады. Мұндай шаралар білім сапасын арттырумен қатар, білім алушылардың бойындағы құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерін және әлеуметтік жауапкершілігін нығайтуға бағытталған стратегиялық басқару механизмін жетілдіруге септігін тигізеді. Осы орайда, бағдарламаның оқу-тәрбие процесін интеграциялау мүмкіндіктерін кеңейту және тәрбиелік әлеуетті толық пайдалану арқылы, заманауи білім беру жүйесінде сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында кешенді шараларды жүзеге асыру қажеттілігі өзекті болып отыр.

Зерттеу мәселесі: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде.

Мақсаты: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде тиімділігін анықтау, оның оқу-тәрбие процесіндегі интеграциясын және құндылықтарға негізделген тәрбиелік әлеуетін бағалау арқылы білім беру ұйымдарында сапалы білім мен жан-жақты тәрбиені қамтамасыз ету жолдарын зерттеу.

Міндеттері: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу, оның білім беру жүйесіндегі орны мен маңыздылығын айқындау;

- Отандық және халықаралық тәжірибелерді зерттей отырып, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының тиімділігін арттыру жолдарын ұсыну;
- Білім алушылардың жан-жақты дамуына әсер ететін құндылықтар негізінде адамгершілік және рухани-моральдық қасиеттердің қалыптасуына бағдарламаның ықпалын сараптау, зерттеу.
- Зерттеу нәтижесін қорытындылау, ұсыныстар беру.

Болжамы: Егер «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім беру ұйымдарында стратегиялық құрал ретінде жүйелі енгізіліп, тиімді әдістемелік және ұйымдастырушылық шаралармен қолдап отырылса, онда оқу-тәрбие процесінің үйлесімділігі артып, оқушылардың жан-жақты дамуына және білім сапасының елеулі түрде жоғарылауына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу кезеңдері:

I – кезең 2022 жылы теориялық зерттеу: отандық және халықаралық зерттеулер

II – кезең 2023 жылы практикалық зерттеу жүргізілді. Білім беру ұйымдарындағы педагогтермен жүргізілген сауалнамаға 20331 респендент, оның 14155 қазақ тілінде, 6051 орыс тілінде қатысты.

III – кезең 2024 жылы практикалық зерттеу жүргізілді. Сауалнамаға 269317 ата-ана мен 49665 педагог қатысты.

Білім беру жүйесінің құндылықтарын айқындауда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдаулары мен бағдарламалық мақалаларындағы түйінді мәселелер мен қазақ ағартушыларының, ойшылдарының педагогикалық идеялары, Қазақстанның балалары мен жастары туралы өзекті зерттеулердің нәтижелері, тәрбиеге жүйелі көзқарасты қамтамасыз ету жөніндегі білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістері және бала тәрбиесіндегі отбасы, қоғам ықпалы ескерілді.

Сонымен қатар адамның жан-жақты дамуы мен өзін-өзі жетілдіру идеяларының дамуы қазақ халқының ұлттық-мәдени кодында және педагогикалық ойында кеңінен көрініс тапты, оған Алып-Ер-Тонғаның жомарттық туралы, әл-Фарабидің парасаттылық туралы, Жүсіп Баласағұнидің берекелі білім туралы, Қожа Ахмет Яссауидің рухани жай-күйі туралы, ағартушылар Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, сондай-ақ қазақ зиялылары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев және басқа да ойшылдардың ілімдері негіз болды.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек әр елдің білім беру жүйесі өмір бойы білім алу және өзін-өзі дамыту идеясын қолдап, білім алушылардың тұлғалық дамуына басымдық беретіндігі анық [1]. Үздіксіз білім беру шеңберінде білім алушылардың жылдам өзгермелі әлемде өмір сүруі мен жұмыс жасауына сәтті бейімделуі үшін қажетті икемділік, бейімделгіштік және өзін-өзі үздіксіз жетілдіру сияқты маңызды қасиеттерді дамытуға баса назар аударылады [2]. Алайда, жеке тұлғаны қалыптастыру тәсілдері айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін, бірақ тұтастай алғанда олардың барлығы білім алушыларды қоғамда және кәсіби салада табысты өмір сүруге дайындауға бағытталған [3].

Көптеген қазақ жырауларының шығармашылығында адалдық, мейірімділік, қарапайымдылық, жомарттық және достық сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тапты. Қазақ даласының тұңғыш педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсарин жастарды адамгершілік рухында тәрбиелеу мектептің басты міндеті деп есептеді [4]. Мағжан Жұмабаев тәрбиенің төрт негізгі бағытын атап өтті: ақыл-ой тәрбиесі, мінезді тәрбиелеу, эстетикалық тәрбие және дене тәрбиесі [5]. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов және басқалары адамгершілік бағдарлардың жалпы жүйесі ана тіліне, ата-бабаларының өзіндік мәдениеті мен жадына құрметпен қарауға негізделуі тиіс деп мәлімдеді. XX ғасырдың 40-90 жылдардағы ғалымдардың еңбектерінде ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастыру мәселелері көтеріледі.

Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның дамуы қоғамның әділдікке, жауапкершілікке және инновацияға негізделген жаңа құндылықтарға бейімделуін талап етеді. Мемлекет пен қоғам арасындағы сенім, азаматтардың адал еңбегі және озық ойлы ұрпақ тәрбиесі осы процестің негізгі ұстанымдарына айналуда. Білім беру жүйесіндегі тәрбие жұмысы да осы бағыттарға сәйкес келіп, жастардың бойына адамгершілік, еңбекқорлық және шығармашылық ойлауды

сіңіруге бағытталған. Әлемдік сын-тегеуріндерге жауап бере алатын, елінің болашағына жауапкершілікпен қарайтын, шығармашыл және жаңашыл азаматтарды қалыптастыру – Қазақстанның ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарының бірі. Осы тұрғыда білім беру жүйесінде тәрбие жұмысының рөлі арта түсуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзіне сәйкес [6] «Еңбек адамы», «Толық адам», «Адал адам» идеологияларын қамтитын және адамгершілік, тұлғалық қасиеттерді айқындайтын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын білім алушылардың бойында дамыту қажеттілігі тұрды.

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және Әділетті Қазақстанның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, еңбекқор, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу міндеті көзделді.

Осыған орай ең бірінші ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтары негізінде білім алушылардың білім сапасын басқарудың стратегиялық жолы анықталды.

Ұлттық мүдде: тәуелсіздік, егемендік, мемлекеттік аумақ, қазақ тілі, экономикалық өрлеу, халықтың әл-ауқаты, ұлттық қауіпсіздік, отаншыл, ұлттық мирасын, мұрасын қадірлейтін, ұлттық мәдениетті бағалайтын ұрпақ қалыптастыруды көздейді. Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет ету, ұлттық мирас пен мұрасына ұқыптылықпен қарап, оны белсенді дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Отбасы алдындағы перзенттік парыз, Отан алдындағы борыш, Отанға, елге, ұлтқа абыройлы қызмет ету, тарихи танымның тереңдігі, отаншылдық, елжандылық қасиеттері Ұлттық мүдде құндылығына тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығы еліміздің өткен тарихын ұрпақ жадында сақтауға, ата-бабадан қалған мирастарды мұраларды танып-білуге, оны сақтап, әрі қарай дәріптеуге тірек болады. Өз тарихын білмеген ұрпақ, оны ертеңінде сақтай алмайды. Сондықтанда еліміздің болашағын жарқын ету, ұлттық рухымызды сіңіру ұлттық мирас құндылығымен сабақтас. Ата-бабадан қалған құнды мұраларымызды қорғауға дағдыландыру керек. Балалармен бірге театрға, мұражайға және тарихи орындарға бару оларды рухани жағынан кемелдендіреді. Бұл тұрақты қолға алынғанда ғана өткенінен сабақ алып, болашағына үмітпен қарайтын ұрпақ келері сөзсіз.

Ар-ұят құндылығы мектеп оқушыларын тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады, этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады. Ар-ұят құндылығы адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға, жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, парасаттылықты жоғары бағалауға, абыройлы болуға ықпал ететін адамдық болмыстың сапалы бейнесін қалыптастырады. Ар-ұят құндылығына «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты [8].

Ардың кіршіксіз, ұжданның таза болуы – түптеп келгенде, ұлт қауіпсіздігінің өзегі. Себебі, ар-ұяттың кемдігінен ұлт болашағының жегі құртына айналған парақорлық, жемқорлық қоғамдағы алаяқтықтық әрекетті асқындырып отыр. Сондықтан балабақшадағы бүлдіршіннен бастап, мектеп бітіретін жасөспірімге дейінгі тәрбиеде ар-ұят маңдайалды құндылық ретінде басты ұстанымға айналуы тиіс.

Ар-ұят құндылығы адалдық, әділеттілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін бала бойында қалыптастыруды және еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, жауапкершілік сезімін нығайтуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады.

Талап құндылығы технологиялардың қарқынды дамыған қазіргі заманында маңызды. Еліміз басқа елдерден оза дамуы үшін технологияларды қарқынды дамытуға үлес қосып, инновацияларға ашық болуымыз қажет. Сол себепті өскелең ұрпақ бойында заманауи дағдыларды қалыптастыру маңызды. Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сонымен қатар, талап құндылығы баланың білім алуға, ғылымда жаңалық ашуға жаны құштар болуға, салауатты өмір салтын ұстануға уақыт пен қаржысын тиімді жоспарлауына дағдыландырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында мемлекетіміздің модернизациясы маңызды бастамаларына баса мән берген болатын [6, 7]. Бұл бастамалар «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» идеясы арқылы сипатталды. Осы үштаған мемлекетті жаңғырту тетіктерін сипаттап, әрбір азаматқа өзінің әділдік, азаматтық жауапкершілік және озық ойлау қабілетімен дамыған қоғам құруға мүмкіндік береді.

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштігінің идеясы қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеуге арналған.

Бұл үштаған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес [6, 7] 2024 жылғы 30 маусымда ҚР Оқу ағарту министрінің №194 бұйрығымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бекітілді.

2024-2025 оқу жылында барлық білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Білім алушылардың дүниетанымын, мінез-құлқын, қоғам мен қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жоспарлануда.

Бағдарлама балаларды тәрбиелеудің құндылықтарға және құзыреттілікке негізделген 2 негізгі тәсілін қамтиды.

Негізгі құндылықтар тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық – білім беру процесінің ажырамас бөлігі ретінде оқыту мен тәрбие мазмұнына енгізілген және жүйелі түрде іске асырыла бастады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде қарастырылады. Бағдарламаның мақсаты – білім алушылардың жан-жақты дамуы мен тәрбие процесінің барлық аспектілерін қамту арқылы білім сапасын арттыру болып табылады.

«Біртұтас тәрбие» білім беру ұйымдарында тәрбие мен оқыту арасындағы бірлікті қамтамасыз етуге, тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған стратегиялық құрал ретінде маңызды идеологиялық құжат.

Бағдарламада білім сапасын басқарудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін әдістемелік және ұйымдастырушылық шаралар сипатталады. Бағдарлама мектеп пен отбасы, қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту арқылы, білім алушылардың оқу үлгеріміне және әлеуметтік жауапкершілікті сезінуіне жағымды ықпал етеді.


Білім алушылар арасында құндылықтар мен құзыреттіліктерді қалыптастыратын білім беру және тәрбие жобалары іске асырылу жоспарланған.

Зерттеу әдістері: сауалнама, жобалы топтармен сұхбат, сұрақ-жауап әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау


Білім беру ұйымдарында тәрбиенің мән-жайы, ұрпақ бойына сіңіріліп отырған құндылықтар жүйесі және оның бала дамуына әсері қоғамды толғандырып отырған мәселе екені анық. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы болып табылады.

Осыған орай 2023 жылы зерттеудің II кезеңінде өңірлерде ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтарды анықтау бойынша жүргізілген сауалнама нәтижесі ұсынылды.



1-сурет – Білім беру ұйымдарында тәрбие құндылықтарының маңызы

Білім беру ұйымдарында қоғам игілігіне қызмет ететін саналы азаматты тәрбиелеу барысында берілетін құндылықтар ар-ұят, Отан, отбасы, ар-ұждан, талап, кемелдену, еңбек құндылықтары (1-сурет). Сауалнамаға берілген жауаптар осы аталған құндылықтардың бүгінгі қоғамдағы маңыздылығын көрсетті. Қазір уақытта білім беру ұйымдарында білім алушылардың бойына еңбек құндылығының қажеттілігі басымдық беріп отыр. Яғни біздің алдымызда қоғам болып балаларды еңбек әрекетіне баулып, еңбектің құндылығын түсіндіру міндеті тұр. Сондай-ақ білім алушылардың бойында ар-ұят, ар-ұждан, отбасы құндылықтарын үлгі-өнеге арқылы дарыту қажеттігі көрінеді. Білім алушыларды кемелділікке, сананың ашықтығына, зерек болуға тәрбиелей отырып, талап құндылығын да дарытуымыз қажет.



2-сурет – Ар-ұят құндылығын қалыптастыру

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға тәрбиелейтін қасиеттерді қалыптастыру үшін білім алушылардың бойында ұят, ар-намыс, мейірімділік пен әдептілікті дарыту қажет (2-сурет). Олай болса отбасы, мектеп, қоғам ынтымақтастығында баланы мейірімділік пен сүйіспеншілікке, сыпайылық пен әдептілікке жетелей отырып, ар-ұятты биік ұстайтын, намысты тұлға тәрбиелеу міндеті тұр.



3-сурет – Балаларға адалдық пен тәртіп қасиеттерін қалыптастыру

Білім алушыларды шынайылық пен тәртіпке жетелейтін жауапкершілік, адалдақ, әділеттілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, заң мен моральдық этиканы сақтауға, адалдық пен әділетті болуға тәрбиелеу қажеттігі басым екендігі байқалды (3-сурет).



4-сурет – Ұлттық мүдде құндылығы сіңіру

Білім беру ұйымдарында бала бойына ұлттық мүдде құндылығын дарыту үшін отансүйгіштік, қазақ тілін құрметтеу, ынтымақтастық, тарихи сана, елжандылық, жауапкершілік қасиеттерді қалыптастыру маңызды (4-сурет). Зерттеу нәтижесі көрсеткендей білім алушыларда отансүйгіштік және қазақ тілін құрметтеуге деген құндылықтарды қалыптастыруға басымдық берілуі керектігі байқалады. Яғни бала бойында өз ана тілін құрметтеу мен отанға деген сүйіспеншілігін дамыту отбасынан бастау алып, білім беру ұйымдарында, қоғамда жалғасын табуы тиіс.



5-сурет – Талап құндылығы дамыту

Білім алушылардың бойына талап құндылығын дарыту үшін оларды білімге ұмтылуға, еңбекқорлық салауаттылық, мәдениеттілік, денсаулық, іскерлік, саламаттылық қасиеттерді дамыту маңызды.

Осы зерттеу нәтижесі көрсеткендей білім алушылардың бойында мәдениеттілік білімге ұмтылу, еңбекқорлық, салауаттылық құндылықтарын қалыптастыру қажеттілігі басымдық беріп отыр (5-сурет). Олай болса білім алушыларды аталған құндылықтар мен қасиеттерге тәрбиелеу маңызды.

Сауалнама нәтижесі білім беру ұйымдарында тәрбие процесіне ұлттық құндылықтарды дәріптеу, білім алушылардың бойына ар-ұят, талап, ұлттық мүдде құндылықтары арқылы тәрбие процесін ұйымдастыру маңызды екендігін көрсетті. Білім беру ұйымдарында қоғам игілігіне қызмет ететін саналы азаматты тәрбиелеу үшін қандай құндылықтар маңызды деген сауалдан қатысқан педагогтердің 60-65%-ы бала бойынан аталған құндылықтарды көргісі келеді.

Яғни қазіргі уақытта балалардың бойына ұлттық және тұлғалық құндылықтарды дарыту маңызды.

Екінші кезеңде өңірлердегі тәрбие ісі жөніндегі директорлардың орынбасарларына сауалнама арқылы зерттеу жүргізілді. Сауалнамаға 7326 респондент қатысты.

Зерттеу нәтижесі төмендегідей нәтиже берді.

Сынып жетекшілік қызметті атқаруға педагогтер мотивациясының төмендігі 47,8%, республика көлемінде тәрбие жоспарының бірыңғай құрылымы мен жүзеге асыру тетіктерінің болмауы 75,2%, тәрбие жұмысының жоспарынан тыс кенеттен пайда болатын шаралар 67,2%, тәрбие іс-шараларының тиімділігін бағалаудың болмауы 37,2%, білім беру ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктер арасындағы ынтымақтастықты реттейтін нормативтік құқықтық актілердің болмауы 39,6%, бала тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілігі нормативтік құқықтық құжаттарда нақты берілмеуі 83,2%.

Зерттеу нәтижесі білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесін ұйымдастыруда кемшіліктердің орын алып отырғанын көрсетті. Ең алдымен сынып жетекшілердің жұмысына әдістемелік қолдау көрсетіп, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша оқыту курстары мен семинарлар өткізуі тиіс. Тәрбие жоспарының бірыңғай құрылымы мен жүзеге асыру тетіктерінің болмауы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысында біртұтас тәрбие бағдарламасының

қажеттілігін талап етеді. Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастық орнату тетіктерін айқындау маңызды.

Зерттеудің III кезеңі: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024 жылдың қыркүйек-қазан айларындағы атқарылған түрлі маңызды іс-шаралар нәтижесі ұсынылды. «Мектебім-мейірім мекені» білім сабағы (7800 мектеп және 770 колледж), «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі (21 мың отбасы), «Менің мектебім буллингке қарсы» республикалық флешмобы (750 мың білім алушы), «Қамқор» әлеуметтік жобасы аясында «Еңбек – түбі береке» бірыңғай сынып сағаты (450 мың білім алушы), Қауіпсіздік сабақтары (891 891 сабақ), «Таза Қазақстан» көктемгі және күзгі науқандар челленджі (3 млн білім алушы), «Даналық» ұстаздан» (3 млн. білім алушы) қатысты.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырылу бойынша білім беру ұйымдары педагогтері мен ата-аналарға сауалнама жүргізілді.

Қорытынды және ұсыныстар

Сауалнамаға 269317 ата-ана мен 49665 педагог қатысты. Нәтижесінде келесідей қорытындылар жасалды:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы барлық білім беру ұйымына 100% енгізілді, ал оның ішінде сапалы жүзеге асырып жатқаны 37% құрайды, Бағдарламаны қоғам 100% жақсы қабылдап, оның аясында бірлесіп әрекетке көшуге дайын екенін көрсетті.

Бағдарлама білім алушылардың белсенділігін (94%) арттыруға ықпал еткен, мектеп пен ата-аналардың тәрбие мәселелері бойынша өзара бірлесіп әрекеттесуіне ықпал ету (қыркүйек айының басынан бастап өсім 21% байқалады, яғни қыркүйекте көрсеткіш 63% болса, қазіргі уақытта 84% құрайды), ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуында оң динамика байқалады (63%), бағдарламаны іске асыру әдістерінде идеялық көзқарастарды қалыптастырудан мінез-құлық тәжірибелерін, әлеуметтік нормалар мен негізгі құзыреттерді дамытуға оң өзгерістер 53% көрсетті.

Бағдарламаны іске асыру әдістерінде оң өзгерістер байқалады, яғни білім беру ұйымдарында идеялық ұстанымдарды қалыптастыру, әлеуметтік нормалар мен негізгі құзыреттерді дамытуға 53% оң ықпал еткендігі байқалды.

Сауалнама оң ықпалдармен қатар, бірқатар қиындықтардың да бар екендігін көрсетті. Атап айтқанда:

43% педагог бағдарламаны сапалы жүзеге асыруда жеткілікті құзыретке ие емес;

37% жас мамандар бағдарлама аясында қиындықтармен бетпе-бет келуде;

29% ата-аналар жұмыс пен мектеп арасындағы уақытты тиімді үйлестіруде қиындықтарға тап болуда;

58% педагогтердің сынып жетекшісі ретіндегі функцияларын орындауда мотивация деңгейі төмен.

Зерттеу нәтижелерінің негізінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жетілдіру және тиімді жүзеге асыру мақсатында қосымша әдістемелік және ұйымдастырушылық шараларды дамыту қажеттілігі туындайды. Бұл шаралар білім беру сапасын арттырумен қатар, білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етіп, құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие процесін нығайтуға септігін тигізері анық.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы зерттелген тәжірибелер негізінде тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін кешенді тәрбие жүйесі құрылды. Ұлттық және халықаралық зерттеулерді талдай келе білім беру ұйымдарында құндылыққа бағдарланған білім беруде оқыту мен тәрбиені қалай және қандай жолмен жүзеге асыруға болатындығын және білім сапасын басқарудың стратегиялық әдіс-тәсілдерін жетілдіру арқылы білім беру процесінің тиімділігін арттыруға болады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде білім алушылардың құндылықтар жүйесін қалыптастыру және олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді, сондай-ақ оқыту мен тәрбиені біртұтас жүйе ретінде қарастырып, қоғамға жауапты, белсенді және адал азаматтарды тәрбиелеуді мақсат етеді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде тиімді болу үшін келесі ұсыныстарды ұсынуға болады:

Білім беру ұйымдары тәрбиені оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруы қажет. Бұл академиялық білім берумен қатар, білім алушылардың моральдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз етеді;

Білім мазмұнына құндылықтарды интеграциялау маңызды. Құндылықтарды интеграциялау арқылы білім алушылардың рухани және мәдени тұрғыдан дамуына жағдай жасалады. Осы мақсатта әр пәнде құндылықтарды дамытатын практикалық тапсырмалар мен жобаларды қолдану;

Білім беру мен тәрбиені үйлестіруде отбасының, қоғамның және мектептің тығыз қарым-қатынасы маңызды. Осы мақсатта мектеп пен отбасының ынтымақтастығын күшейте отырып, отбасылық құндылықтарды білім беру процесіне интеграциялау. Бұл білім алушылардың табысты болашағын қамтамасыз етеді;

Құндылықтар мен әлеуметтік дағдылардың қалыптасуын бағалау үшін арнайы критерийлер мен көрсеткіштер енгізу;

Қазақ ойшылдары мен ағартушылардың тәрбиеге қатысты педагогикалық идеялары бағдарламаның негізгі бағыттарын айқындауға үлгі болып табылады. Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау арқылы қазіргі заманауи тәрбие процесін дамыту арқылы білім алушылардың моральдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын білім сапасын бағалау жүйесіне қосу;

Білім беру ұйымдары білім алушыларды өзгермелі әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайын болуы қажет. Бұл икемділік, бейімделу және өзін-өзі үздіксіз жетілдіру қабілеттерін дамыту арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыда құндылықтарды дамытуға арналған интерактивті онлайн ресурстар, қосымшалар мен платформаларды қолдану;

Білім алушылардың құндылықтарға қатысты ой-пікірлерін білдіру үшін онлайн форумдар мен пікірталас алаңдарын ұйымдастыру;

Құндылықтарға қатысты білім алушылардың көзқарастары мен олардың дамуын үнемі қадағалау;

Құндылыққа бағдарланған білім беруде тәрбие экожүйесін қалыптастыру;

Мектеп, ата-аналар, қоғам және БАҚ арасында тығыз байланыс орнатып, білім алушыларға құндылықтарды насихаттау.

Педагогтерге тәжірибе алмасу мақсатында құндылыққа бағдарланған білім беру тәсілдемесі негізінде білім сапасын басқару стратегиясы бойынша семинарлар, вебинарлар, тренингтер ұйымдастыру.

Осы ұсыныстар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруда құндылықтарды интеграциялау арқылы қоғамда белсенді, өз ісіне жауапты, адал азаматты тәрбиелеуге ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Care E., Kim H., Vista A., Anderson K. Education system alignment for 21st century skills: Focus on assessment. Optimizing Assessment for All (OAA). – Center for Universal Education at the Brookings Institution, 2018.

2. Kitamura Y., Liu J., Hong M. S. Education in East Asia: Changing School Education in China, Japan, and Korea // World Education Patterns in the Global North: The Ebb of Global Forces and the Flow of Contextual Imperatives (International Perspectives on Education and Society, Vol. 43A) / Eds. C. C. Wolhuter, A. W. Wiseman. – Emerald Publishing Limited, 2022. – PP. 149–168. – https://doi.org/10.1108/S1479-36792022000043A010

3. Values Education Curriculum Framework. – Education Bureau The Government of the Hong Kong Special Administrative Region of the People's Republic of China, 2021. – https://www.edb.gov.hk/en/curriculum-development/4-key-tasks/moral-civic/ve_curriculum_framework2021.html

4. Алтынсарин И. Избранные произведения / под ред. Б. С. Сулейменова. – Алма-Ата : Издательство Академии наук Казахской ССР, 1957. – 639 с.

5. Жұмабаев М. Шығармалары: әдеби басылым. 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / құраст. С. Жұбаниязов. – Алматы : Жазушы, 2024. – 448 б. – https://clck.ru/38Zq2v

6. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі (17.06.2023). – 2023. – https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959

7. Тоқаев Қ. Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс: Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзі (15.03.2024). – 2024. – http://surl.li/tkqgn

8. Елікбек Д. Шәкәрім шығармашылығындағы «АР-ҰЯТ» концепциясының танымдық сипаты // Актуальные вопросы современных научных исследований. – 2021. – С. 111-116.

9. Әбу Насыр әл-Фарабидің ізгілікті қоғам жөніндегі идеялары. – 2024. – https://abai.kz/post/54153

10. Жүсіп Баласағұн шығармашылығындағы адамгершілік идеялары. – 2024. – http://surl.li/qjlgg

11. Новрузов Р., Новрузова Г. Формула души в «Дивани Хикмет» Ахмеда Яссави // Philologia. – 2022. – № 43. – С. 32-41.

12. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы : Жібек жолы, 2005. – 640б.

13. Байтұрсынұлы А. Баулу мектебі. – Алматы : Жазушы, 2024. – 256 б. – https://adebiportal.kz/kz/news/view/axmet-baitursynuly-baulu-mektebi__16521

14. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөздер / құраст. М. Әбсеметов, Г. Дулатова. – Алматы : Жазушы, 2024. – 384 б. – https://clck.ru/38Zoag

15. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Тәрбиеге жетекші. Жаңа ауыл (оқу құралдары). – Алматы : Ел-шежіре, 2024. – 320 б. – http://e-kitap.kz/book/5127/read

16. Implementation of citizenship education action in the EU. – European Parliamentary Research Service, 2021. – https://www.europarl.europa.eu/cmsdata/278820/EPRS_STU(2021)694207_EN.pdf

И.У. Сагиндиков, А.Ш. Тәңірбергенова, А. Мағауия

ПРОГРАММА «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» КАК СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ИНСТРУМЕНТ УПРАВЛЕНИЯ КАЧЕСТВОМ ОБРАЗОВАНИЯ

В статье рассматривается программа «Біртұтас тәрбие» как стратегический инструмент управления качеством образования. Цель программы – повышение качества образования через всестороннее развитие обучающихся и охват всех аспектов воспитательного процесса. Программа «Біртұтас тәрбие» направлена на обеспечение единства между воспитанием и обучением в организациях образования, поддержку духовного и социального развития личности. В статье

анализируется содержание программы, ее применение в системе образования и роль в продвижении учебно-воспитательного процесса. Кроме того, описаны методологические и организационные меры, способствующие повышению эффективности программы «Біртұтас тәрбие» в управлении качеством образования. Программа способствует повышению успеваемости и социальной ответственности обучающихся, укрепляя сотрудничество между школой и семьей, обществом. Статья предназначена для педагогов, интересующихся средствами стратегического управления в системе образования и раскрывает важность программы «Біртұтас тәрбие» в системе управления качеством образования. Важно интегрировать ценности в содержание образования. Программа «Біртұтас тәрбие» в содержании статьи представляет собой комплексный метод обеспечения качественного образования в организациях образования с интеграцией учебно-воспитательного процесса, гармонизацией национальных ценностей, гражданского сознания и патриотического воспитания.

Ключевые слова: программа «Біртұтас тәрбие», ценности, компетентность, проект, духовно-нравственные качества, патриотизм.

I. Sagindikov, A.Tanirbergenova, A. Magauiya

PROGRAM «BIRTUTAS TARBIE» AS A STRATEGIC INSTRUMENT FOR MANAGING THE QUALITY OF EDUCATION

The article considers the «Birtutas Tarbie» program as a strategic tool for education quality management. The purpose of the program is to improve the quality of education through the comprehensive development of students and coverage of all aspects of the educational process. The «Birtutas Tarbie» program is aimed at ensuring unity between education and training in educational institutions, supporting the spiritual and social development of the individual. The article analyzes the content of the program, its application in the education system and its role in promoting the educational process. In addition, methodological and organizational measures are described that contribute to improving the effectiveness of the «Birtutas Tarbie» program in education quality management. The program contributes to the improvement of academic performance and social responsibility of students, strengthening cooperation between the school and the family and society. The article is intended for teachers interested in the means of strategic management in the education system, and reveals the importance of the «Birtutas Tarbie» program in the quality management system of education.Integrating values into the content of education is important. The «Біртұтас тәрбие» program, as presented in the article, represents a comprehensive method for ensuring high-quality education in educational institutions by integrating the teaching and upbringing process, and harmonizing national values, civic consciousness, and patriotic education.

Keywords: «Birtutas Tarbie» program, values, competence, project, spiritual and moral qualities, patriotic feeling.

References

1. Care, E., Kim, H., Vista, A., & Anderson, K. (2018, November). *Education system alignment for 21st century skills: Focus on assessment. Optimizing Assessment for All (OAA)*. Center for Universal Education at the Brookings Institution.

2. Kitamura, Y., Liu, J., & Hong, M. S. (2022). Education in East Asia: Changing School Education in China, Japan, and Korea. In C. C. Wolhuter & A. W. Wiseman (Eds.), *World Education Patterns in the Global North: The Ebb of Global Forces and the Flow of Contextual Imperatives (International Perspectives on Education and Society, Vol. 43A)* (pp. 149–168). Emerald Publishing Limited. https://doi.org/10.1108/S1479-36792022000043A010

3. Values Education Curriculum Framework. (2021). Education Bureau The Government of the Hong Kong Special Administrative Region of the People's Republic of China. https://www.edb.gov.hk/en/curriculum-development/4-key-tasks/moral-civic/ve_curriculum_framework2021.html

4. Altynsarin, I. (1957). *Izbrannye proizvedeniya* [Selected works] (B. S. Suleimenov, Ed.). Alma-Ata: Izdatel'stvo Akademii nauk Kazakhskoy SSR.

5. Zhumabayev, M. (2024). *Shygarmalary: adebi basylym. 2-tom: Angime, gylymi enbek, makalalar, audarmalar, zhariyalanbagan olender* [Works: literary edition. Vol. 2: Stories, scientific work, articles, translations, unpublished poems] (S. Zhubaniyazov, Comp.). Almaty: Zhazushy. https://clck.ru/38Zq2v

6. Memleket basshysy Q. Toqaevtyn Ulttyq quryltaydyn «Adiletti Qazaqstan – Adal azamat» atty ekinshi otyrysynda soylegen sozi (17.06.2023) [Speech of the Head of State K. Tokayev at the second meeting of the National Kurultai "Just Kazakhstan – Honest Citizen" (17.06.2023)]. (2023). https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959

7. Toqaev, Q. (2024). Adal adam – Adal enbek – Adal tabys: Ulttyq quryltaydyn ushinshi otyrysynda soylegen sozi (15.03.2024) [Honest person – Honest work – Honest income: Speech at the third meeting of the National Kurultai (15.03.2024)]. http://surl.li/tkqgn

8. Elikbek, D. (2021). Shakarim shygarmashylygyndagy «AR-UYAT» kontseptsisinin tanymdyk sipaty [The cognitive nature of the concept "CONSCIENCE" in Shakarim's creative work]. *Aktual'nye voprosy sovremennykh nauchnykh issledovaniy [Current issues of modern scientific research]*, 111-116.

9. Abu Nasyr al-Farabidin izgilikti kogam zhonindegi ideyalary [Al-Farabi's ideas about a virtuous society]. (2024). https://abai.kz/post/54153

10. Zhusip Balasagun shygarmashylygyndagy adamgershilik ideyalary [Moral ideas in the works of Yusup Balasagun]. (2024). http://surl.li/qjlgg

11. Novruzov, R., & Novruzova, G. (2022). Formula dushi v «Divani Khikmet» Akhmeda Yassavi [The formula of the soul in "Diwani Hikmet" by Ahmed Yasawi]. *Philologia*, (43), 32-41.

12. Abai. (2005). *Olender, poemalar, audarmalar men kara sozder* [Poems, poems, translations and words of edification]. Almaty: Zhibek zholy.

13. Baitursynuly, A. (2024). *Baulu mektebi* [Training school]. https://adebiportal.kz/kz/news/view/axmet-baitursynuly-baulu-mektebi__16521

14. Dulatov, M. (2024). *Shygarmalary: Olender, kara sozder, kosemsozder* [Works: Poems, words of edification, publicist articles] (M. Absemetov & G. Dulatova, Comps.). Almaty: Zhazushy. https://clck.ru/38Zoag

15. Aimauytov, Zh. (2024). *Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. Tarbiege zhetekshi. Zhana auyl (oku quraldary)* [Six-volume collection of works. Guide to education. New village (textbooks)]. Almaty: El-shezhire. http://e-kitap.kz/book/5127/read

16. Implementation of citizenship education action in the EU. (2021). European Parliamentary Research Service. https://www.europarl.europa.eu/cmsdata/278820/EPRS_STU(2021)694207_EN.pdf

Авторлар туралы мәлімет:

Сагиндиков Исатай Умирзакович (автор-корреспондент) – педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК Ғылыми зерттеу мен психометрика зертханасының бас ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан, Isatay60@mail.ru

Танирбергенова Анар Шынболатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті, Астана, Қазақстан, anar-tanirbergenova@mail.ru

Мағауия Айжан – магистр, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкер, Астана, Қазақстан, mag-aizhan@mail.ru

Сведения об авторах:

Сагиндиков Исатай Умирзакович (автор-корреспондент) – кандидат педагогических наук, главный научный сотрудник лаборатории научных исследований и психометрики РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, Астана, Казакстан, Isatay60@mail.ru

Танирбергенова Анар Шынболатовна – кандидат педагогических наук, вице-президент Национальной академии образования им. И.Алтынсарина, Астана, Казакстан, anar-tanirbergenova@mail.ru

Магауия Айжан – магистр, старший научный сотрудник Национальной академии образования им.И. Алтынсарина, Астана, Казахстан, mag-aizhan@mail.ru

Information about authors:

Sagindikov Issatay (corresponding author) – Candidate of Pedagogical Sciences, Chief Researcher at the Laboratory of Scientific Research and Psychometrics «National Testing Center» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, Isatay60@mail.ru

Tanirbergenova Anar – Candidate of Pedagogical Sciences, Vice President of the National Academy of Education named after I. Altynsarin, Astana, Kazakhstan, anar-tanirbergenova@mail.ru

Magauiya Aizhan – Master's degree, Senior Researcher at the I. Altynsarin National Academy of Education, Astana, Kazakhstan, mag-aizhan@mail.ru